



## ҚҰМ АСТЫНДАҒЫ КӨНЕ ӨРКЕНИЕТ

ТҮПҚАРАҒАН ТОПЫРАҒЫНДА ТАҒЫ БІР ТАРИХИ ЖАҢАЛЫҚТЫҢ ІЗІ АЙҚЫНДАЛА ТҮСТІ. МЫҢЖЫЛДЫҚТАРДЫҢ ҮНІН ІШІНЕ БҮККЕН ҚАРАҚАБАҚ ҚАЛАШЫҒЫ БҮГІНДЕ ҒАЛЫМДАР НАЗАРЫН ӨЗІНЕ АУДАРЫП, МАҢҒЫСТАУДЫҢ ТЕРЕҢ ТАРИХЫНАН СЫР ШЕРТІП ОТЫР. ОСЫ ОРАЙДА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ Ә.Х.МАРҒҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ АҚАН ОҢҒАРҒЫ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГ АНДРЕЙ АСТАФЬЕВ ПЕН БІРГЕ КӨНЕ ШАҒАР ОРНЫНА АРНАЙЫ БАРЫП, АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ.



Алдымен өңір басшысы Әбіш Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақталған Қарақабактан табылған құнды жәдігерлерді көрді. Ғасырлар қойнауынан жеткен көне тиындар, өрнекті қыш ыдыстар мен мөрлер – бір қарағанда үнсіз жатқан дүниелер секілді көрінгенімен, тұтас бір дәуірдің тынысын аңғартып тұрғандай. Әр жәдігер Каспий жағалауында кезінде қыз-қыз қайнаған тіршілік болғанын, бұл өлкеде өркениет пен сауда мәдениеті дамығанын дәлелдей түседі.

Кейін делегация археологиялық нысанның өзіне барып, ғалымдар жүргізіп жатқан қазба жұмыстарының нәтижелерімен танысты. Мамандардың айтуынша, Қарақабак қалашығы біздің заманымыздың I–VI ғасырларында өмір сүрген ірі сауда және қолөнер орталығы болған. Зерттеулер бұл мекеннің Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағындағы маңызды теңіз-құрлық байланыс торабы қызметін атқарғанын айғақтап отыр.

Археологтер тапқан деректердің ауқымы да таңғалдырады. Қалашықтан Византия, Рим, Парсы, Үндістан және Қытаймен байланыс болғанын дәлелдейтін бұйымдар табылған. Бұл – Маңғыстау жері бағзы замандарда халықаралық сауда қатынастарының белсенді ортасына айналғанының айқын көрінісі. Сондай-ақ көне порттың ізі, теңіз саудасына қатысты құрылымдар мен қолөнер өндірісінің белгілері анықталған.

Қарақабактың қақ ортасында сөйлеген Нұрдәулет Қилыбай көне шағардың тарихи маңызына ерекше тоқталды. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл мекен II ғасырда өмір сүрген әйгілі Рим ғалымы Клавдий Птолемейдің картасында Аспабота атауымен көрсетілген қала болуы мүмкін.



– Қазіргі тілмен айтқанда, бұл өз дәуірінің ірі логистикалық хабы болған. Мұндай жаңалықтар ата-бабаларымыз тек көшіп-қонып, мал шаруашылығымен ғана айналысқан деген жаңсақ пікірді жоққа шығарады. Керісінше, бұл жерде үлкен өркениет пен халықаралық сауда байланыстарының болғанын дәлелдейді, – деді өңір басшысы.

Бүгінде ғалымдар Қарақабакты тек археологиялық ескерткіш ретінде емес, болашақтағы ірі туристік орталықтардың бірі ретінде қарастыруда. Жоба аясында мұнда ғылыми-археологиялық база, ашық аспан астындағы музей, туристік бағыттар мен инфрақұрылым салу жоспарланып отыр. Бұл мақтама Маңғыстаудың тарихи мұрасын әлемге танытып қана қоймай, өңір туризмінің тынысын кеңейтуге жол ашпақ.

Қарақабактың құм астында қалған көне көшелері әлі талай құпияны бүгіп жатқандай. Әр қазылған қабаттан тарихтың тынысы сезіледі. Сол тарихты қайта тірілту – бүгінгі ұрпақтың өткенге деген тағзымы мен болашақ алдындағы жауапкершілігі іспетті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

## Сән индустриясындағы СЕРПІЛІС

АҚТАУДА ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕҢ АУҚЫМДЫ СӘН ЖОБАЛАРЫНЫҢ БІРІ – «KAZAKHSTAN FASHION WEEK» АПТАЛЫҒЫ ӨТТІ. 7–10 МАМЫР АРАЛЫҒЫНДА ӨТКЕН СӘН АПТАЛЫҒЫ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ СТИЛЬДІ ДӘРІПТЕУ, ОТАНДЫҚ ДИЗАЙНЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ НЫҒАЙТУ МАҚСАТЫНДА БІРҚАТАР ІС-ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

✍ Әсел ҚАЗМАҒАМБЕТОВА

«Дәстүр – Стиль – Нәтиже» атты дөңгелек үстелде ұлттық мұра мен заманауи сән индустриясының үйлесімі, саладағы жаңа тенденциялар мен тәжірибелер, ұлттық накышты жаңа форматта насихаттау мәселелері кеңінен талқыланды. Маңғыстау облыстық әкімдігінің қолдауымен, «Аманат» партиясы жанындағы әйелдер қанатының, облыстық ҚХА жанындағы аналар кеңесінің ұйымдастыруымен өткен басқосуға облыс әкімінің орынбасары Аббат Өрісбаев, отандық және халықаралық дизайнерлер, сән индустриясының өкілдері, этнодизайнерлер, мәдениет саласының қызметкерлері мен қолөнер шеберлері қатысты.



– Ұлттық накыш – біздің мәдени кодымыздың ажырамас бөлігі. Бүгінде оны заманауи сән индустриясымен үйлестіре отырып, жаңа деңгейде дәріптеу аса маңызды. Мұндай жобалар ұлттық өнерді жаңғыртып қана қоймай, жас дизайнерлерге шабыт беріп, өңірдің шығармашылық әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Маңғыстау – тарихы терең, мәдениеті бай өлке. Сондықтан ұлттық құндылықтарды заманға сай форматта таныту – ортақ міндет, – деді Аббат Өрісбаев.

Іс-шарада Маңғыстау облыстық Қолөнер шеберлері одағының президенті, «Алтын оймақ» қолөнерді қолдау қоғамдық қорының төрайымы Әуес Сағынаева «Түрленген өрнек» тақырыбында баяндама жасап, ұлттық ою-өрнектердің сән әлеміндегі жаңаша қолданысына назар аударды. Ал Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі Айнахан Есетова «Шашақтың рухани мәні мен символдық сыры» тақырыбын тарқатып, қазақтың дәстүрлі әшекейлерінің тарихи және рухани ерекшеліктері төңірегінде әңгіме өрбітті.

(Жалғасы 2-бетте)

## Мейіргерлер марапатталды

АҚТАУДА 12 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕЙІРГЕРЛЕР КҮНІНЕ ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕЙІРГЕР – ПАЦИЕНТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КӨШБАСШЫСЫ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫЛАНЫП, САЛА ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ.

Салтанатты марапаттау рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Аббат Өрісбаев, Маңғыстау денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Қуат Машырықов, облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бекболат Избасаров, медицина саласының мамандары мен ардагерлері қатысты.

Жиында сөз сөйлеген Маңғыстау денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Қуат Машырықов мейіргерлерді кәсіби мерекемен құттықтап, олардың қоғамдағы және



адам денсаулығын сақтаудағы маңызды рөлін атап өтті.

Байқауға облыстағы қалалар мен аудандардан 13 медициналық ұйымнан командалар қатысып, кәсіби білім – тәжірибесін ортаға салды. Қатысушылар кәсіби дайындықпен қатар шығармашылық, ұйымшылдық, көшбасшылық және тапқырлық қабілетін көрсетті.

Сайыс қорытындысы бойынша бас жүлдені Маңғыстау облыстық көпбейінді ауруханасының «Жүрек

жылуы» командасы иеленді. I орынды облыстық «Ана мен бала» перинаталдық орталығының «Ана-соре» командасы жеңіп алды. Сонымен қатар II орын «Ясин» медициналық орталығының «Ақ халат вайпс» командасына бұйырса, III орынды Түпқараған аудандық ауруханасының «Шипа жолы» командасы еншіледі.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ  
(Жалғасы 4-бетте)

# МЕНЕДЖЕРЛЕРДІ ДАЯРЛАУДЫҢ ЖАҢА ЛОГИКАСЫ

XXI ғасырда менеджер ұғымы түбегейлі өзгерді. Бұрын басқарушыдан процестерді бақылау, жоспарлау және ресурстарды тиімді бөлу талап етілсе, бүгінгі күні ол әлдеқайда кең ауқымды рөл атқарады. Қазіргі менеджер – стратег, аналитик, көшбасшы және өзгерістердің драйвері. Ол тек ұйымды басқармайды, сонымен қатар белгісіздік жағдайында бағыт-бағдар беріп, жаңа мүмкіндіктерді қалыптастырады. Осындай күрделі міндеттерді атқара алатын маманды даярлау үшін білім беру жүйесі де жаңа логикаға көшуі қажет.

Бүгінгі әлем тұрақсыздық, технологиялық серпіліс және жаһандық бәсекелестік жағдайында дамуда. Жасанды интеллект, үлкен деректер, цифрлық платформалар және автоматтандыру процестері басқару шешімдерінің табиғатын өзгертуде. Халықаралық зерттеулерге сәйкес алдағы онжылдықта еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылардың басым бөлігі жанарады. Бұл дегеніміз – маман бір рет білім алып қана қоймай, өмір бойы оқуға қабілетті болуы тиіс. Сондықтан заманауи менеджмент білімінің басты мақсаты – нақты білім беру емес, үйрене алу қабілетін қалыптастыру.

Жаңа буын менеджерлерін даярлауда басты назар тек пәндік мазмұнға емес, ойлау стиліне аударылады. Басқарушылық ойлау – бұл тек шешім қабылдау емес, мәселені дұрыс қою, ықтимал сценарийлерді болжау және салдарын алдын ала есептеу қабілеті. Мұндай дағдыларды қалыптастыру үшін оқу процесін дәстүрлі лекция форматынан шығып, интерактивті және тәжірибеге бағытталған модельге көшуі тиіс.

Осы тұрғыда менеджмент бағдарламаларының құрылымы да өзгеруде. Қазіргі тиімді бағдарламалар төрт негізгі тірекке негізделеді. Біріншісі – аналитикалық ойлау. Деректерді интерпретациялау, бизнес-аналитика құралдарын қолдану, шешімдерді сандық

негізде дәлелдеу – басқарудың ажырамас бөлігі. Екіншісі – адами капиталды басқару. Команда құру, мотивация, эмоционалды интеллект және көшбасшылық – кез келген ұйымның табысының негізі. Үшіншісі – жаһандық контекст. Қазіргі бизнес ұлттық шекаралармен шектелмейді, сондықтан менеджер халықаралық стандарттарды, мәдени ерекшеліктерді және жаһандық трендтерді түсінуі тиіс. Төртіншісі – цифрлық бейімділік. ERP жүйелері, деректер визуализациясы, жасанды интеллект құралдары қазіргі менеджердің күнделікті жұмыс құралына айналған.

Бағдарламаның айрықша ерекшелігі – оның нақты бизнес-ортамен тығыз байланысы. Теориялық білім тек тәжірибеде тексерілгенде ғана құндылыққа ие болады. Сондықтан студенттер алғашқы курстан бастап нақты компаниялардың кейстерімен жұмыс істейді. Олар бизнес мәселелерін талдайды, шешімдер ұсынады және нәтижелерін қорғайды. Мұндай тәсіл оқу процесін формальды білім алумен кәсіби қалыптасу процесіне айналдырады.

Бағдарламаның тағы бір маңызды ерекшелігі – оқытушылар құрамының құрамы. Қазіргі менеджмент білімінде теория мен практиканың синтезі ерекше мәнге ие. Сондықтан оқу процесіне тәжірибелі менеджерлер, компания басшылары және бизнес-консультанттар белсенді түрде тартылады. Олар нақты

жағдайлармен бөлісіп, басқарушылық шешімдердің қалай қабылданатынын көрсетеді. Бұл студенттерге тек білім алып қана қоймай, кәсіби ойлау мәдениетін меңгеруге мүмкіндік береді.

Заманауи менеджердің басты құндылығы – оның икемділігі. Белгісіздік жағдайында жұмыс істеу, тез бейімделу, жаңа ақпаратты игеру және өзгерістерді басқару – бұл қасиеттер еңбек нарығында шешуші рөл атқарады. Сондықтан білім беру бағдарламалары да осы қасиеттерді дамытуға бағытталуы тиіс. Бұл тек оқу мазмұны арқылы ғана емес, оқу ортасының өзі арқылы жүзеге асады. Ашық пікірталастар, командалық жұмыс, жобалық тапсырмалар – мұның бәрі студенттің тұлғалық дамуына ықпал етеді.

Қазіргі әлемде басқару – бұл тек ресурстарды бөлу емес, мағына қалыптастыру процесі. Менеджер адамдарды біріктіреді, мақсат қояды және сол мақсатқа жету жолын көрсетеді. Ол белгісіздік жағдайында сенімділік береді және өзгерістерді мүмкіндік ретінде қабылдайды. Мұндай менеджерлерді даярлау – тек университеттің міндеті емес, бұл қоғамның стратегиялық қажеттілігі. Сондықтан білім беру жүйесінің трансформациясы – уақыт талабы. Жаңа логикаға негізделген менеджмент бағдарламалары тек маман даярламайды, олар болашақты қалыптастырады. Әрбір студент – бұл болашақтағы өзгерістердің агенті. Оның білімі, дағдылары және көзқарасы экономиканың, бизнестің және қоғамның дамуына тікелей әсер етеді.

Болашақты басқару – бұл батыл шешімдер қабылдай алатын, адамдарды соңынан ерте білетін және жаңа мүмкіндіктерді көре алатын тұлғалардың қолында. Осындай тұлғаларды қалыптастыру – заманауи менеджмент білімінің басты миссиясы.

**Гаухар САЙМАҒАМБЕТОВА,**  
Ш.Есенов атындағы университеттің  
менеджмент кафедрасының  
профессоры.

# БЕЙБІТШІЛІК – ЕЛ ТІРЕГІ

Ақтау қаласындағы «Қайнар» колледжінде 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай жас ұрпақтың бойына достық, өзара құрмет пен бірлік құндылықтарын сіңіру, көпұлтты Қазақстан халқының ынтымағын дәріптеу мақсатында колледждің оқытушылары мен топ жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Бейбітшілік – ел тірегі» атты тағылымды әрі мазмұнды іс-шара өтті.

Бұл мерекелік кеш сан түрлі ұлт пен ұлыстың басын қосқан еліміздегі татулық пен келісімнің жарқын көрінісін айшықтаған ерекше басқосу болды. Кеш шымылдығы әсем ән мен күмбірлеген күйге ұласып, көрермендерді бірден мерекелік көңіл күйге бөледі.

Колледж студенттері қазақ, орыс, шешен, түрік, өзбек, ұйғыр және көріс халықтарының мәдениетін таныстырып, әр ұлттың өзіндік ерекшелігін сахна төрінде шебер көрсете білді. Әр халықтың ұлттық киімдері, әсем әндері мен мың бұралған билері көрерменнің ыстық көңілінен шықты. Сонымен қатар ұлттық тағамдар ұсынылып, көріністер арқылы халықтар достығының шынайы бейнесі көркем түрде жеткізілді. Бұл – бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан түрлі этностардың бірлігі мен өзара сыйластығының айқын дәлелі.

Мерекелік іс-шараға «Байтақ» жасылдар партиясының Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы, «Әкелер одағы» РҚБ МОФ төрағасы Аллаберген Қонарбаев бастаған құрметті қонақтар қатысып, жастарға жүрекжарды тілектерін арнады. Олар ел бірлігінің маңызын атап өтіп, бейбітшілік пен келісімнің қоғам дамуының басты тірегі екенін жеткізе отырып, партия филиалының төрағасы Аллабер-



ген Әзербайжанұлы мерекелік іс-шараның ұйытқысы болған колледж оқытушылары Айнұр Бақытжанқызы мен Қалдыгүл Назарбайқызына, өнер көрсеткен топтардың топ жетекшілеріне Алғыс хаттар табыстады.

Осындай тағылымы мол іс-шараны ұйымдастыруда қажымай еңбектеніп, өздерінің тәлім-тәрбиесін беріп, қашан да топтарының басы-қасынан табылатын топ жетекшілері: Р.Балжігітова, Ш.Бекмағанбетова, Г.Шарипова, З.Чолтанова, К.Ұзақбаева, С.Сарбас, Т.Кенесова, А.Қолдасова және Қ.Қиылыбаеваларға колледж әкімшілігі де бала тәрбиесіндегі еңбектеріне шығармашылық табыстар тілеп, алғыс білдірді.

Қорыта айтқанда, колледж ұжымы мұндай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар жастарды елжандылыққа баулып, олардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыратынын, сондай-ақ қоғамдағы татулықты нығайтуға үлес қосатынын жеткізді. Бейбітшілік пен келісім салтанат құрған елде ғана болашақтың берік іргесі қаланатыны анық. Сондықтан мұндай игі бастамалардың жалғасын табуы – уақыт талабы.

**Жұмагүл ОРАЗОВА,**  
«Қайнар» колледжінің бөлім меңгерушісі.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жетібай кен орнының объектілерінде орналасқан ұңғымаларды салуға, кен орындарын жайластыруға арналған жұмыс жобаларына.

**Объектілердің атауы:**

1. Мультифазалы сорғыларды орнату;
2. «Жетібай кен орны тобының тығыздау ұңғымаларын жайластыру, XXVI кезек» бөлімді түзету;
3. «Жетібай тобының кен орнында 3Б-ӨҚ, 15-ӨҚ, 27В-ӨҚ, 28Б-ӨҚ және 34-ӨҚ өлшеу қондырғыларының автоматтандырылған топтық өлшеу қондырғыларын (АТӨҚ) салу» бөлімді түзету.

**Учаскенің географиялық координаттары және өсер ету аумағының географиялық координаттары:** 43°35'22" с. ш. 52°06'51" в. д. **Қоғамдық тыңдауларды өткізу аумағы, күні, уақыты және орны:** 2026 жылғы, 18 маусымда сағат 15.00-де Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ орталық инженерлік-технологиялық қызметінің ғимаратында, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы.

**Microsoft Teams онлайн платформасында өтеді:** <https://teams.microsoft.com/join/45249918898401?p=f9YIArhnKZdlUcAsrE>

**Конференция идентификаторы:** 452 499 188 984 01

**Кіру коды:** wq6x5t7D

**Тұтынушы:** «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ, БСН: 990140000483, Ақтау қ., 6-ш/а, 1-ғимарат, тел.: 8 /7292/ 212-226.

Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru>.

**Жобаның өзірлеушісі:** «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, Күрделі құрылыс департаменті;

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурста.

**Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі:** a.zhararova@mmg.kz, тел: 212-226

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> және электр. ЖАО мекенжайы [s.bazarbay@mangystau.gov.kz](mailto:s.bazarbay@mangystau.gov.kz) сайтында қабылданады.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«BUZACH OPERATING LTD» ФК (БОЗАШЫ ОПЕРЕЙТИНГ ЛТД) 1) «МС-12 резервтік көпфазалы сорғыны орнату және Солтүстік Бозашы кен орнының 3У-2 құбырын ауыстыру», 2) «Солтүстік Бозашы кен орнында ГЗУ-31 кеңейту» жобаларына ҚОҚБ және 3) Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

**Қоғамдық тыңдау:** 2026 жылы 10 маусым сағат 11:00-де өтеді.

**Өткізу орны:** Маңғыстау облысы, Таушық ауылы, мәдениет үйінде өтеді. Учаскенің географиялық координаттары және өсер ету аумағының географиялық координаттары: 45°11'00" сш, 51°34'07" в.д.

**Онлайн қосылымға сілтеме:** <https://us04web.zoom.us/j/76576860670?pwd=NnE1nmgSRROEKi80JkVUUXh1eXh1enUk.1>

**Конференция идентификаторы:** 7765 7686 0670

**Кіру коды:** wV50Md

**Тапсырыс беруші:** ФК «BUZACH OPERATING LTD», БСН: 04124100 1357, 1300000, Маңғыстау обл., Ақтау қ., 3-ш/а, 82-ғимарат, тел.: +7 702 529 88 44.

**Жобаны өзірлеуші:** «KJS Project & Consulting» ЖШС, БСН: 0804400 12170, Маңғыстау облысы, Ақтау қ., 29 «А» ш/а, 54-ғимарат, тел. +7 (7292) 55 00 53, эл.пошта: [kjs\\_project@inbox.ru](mailto:kjs_project@inbox.ru), ТОО «Construction NS», БСН: 0107 40010777, Ақтау қ., 17-ш/а, 20-үй, [eco-rk@mail.ru](mailto:eco-rk@mail.ru).

**Жергілікті атқарушы орган:** «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: [s.bazarbay@mangystau.gov.kz](mailto:s.bazarbay@mangystau.gov.kz), тел.: 8(7292) 43-10-88; Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтта және [s.bazarbay@mangystau.gov.kz](mailto:s.bazarbay@mangystau.gov.kz) қабылданады. Жоба бойынша құжаттама ақпараттық жүйе <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> сайтында орналастырылған.

07.12.2017 жылы **М.Т.ЖАНАЙСОВТЫҢ** атына берілген №5663 сату-сатып алу шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Қызылсай» мемлекеттік өңірлік табиғи паркі КММ-нің 2025–2029 жылға арналған басқару жоспары» және «Бейнеу ормандар және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» КММ-нің жергілікті маңызы бар «Есет» және «Көлеңкелі» мемлекеттік табиғи (кешенді) қауымалдарының 2026–2030 жылдарға арналған басқару жоспары» жұмыс жобасына мемлекеттік экологиялық сараптама жүзеге асыру процесінде бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecoportal.kz/>) **2026 жылдың 22 мамырынан бастап 20 жұмыс күн бойы** жария талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігі туралы хабарлайды.

**Ұсыныстар мен ескертулерді бірыңғай экологиялық порталы арқылы немесе [mangystautabigat@gmail.com](mailto:mangystautabigat@gmail.com) электронды поштасы арқылы жолдауыңызға болады. Байланыс нөмірі: 8(7292) 46-21-31 ішкі;1153.**

Ата-анаға қайырымды ұл, ағайынға жанашыр жан, мейірімді әке, арқа сүйер азамат, Маңғыстау облыстық мәслихатының депутаты, мұнай саласында тәжірибелі еңбек еткен

**ЕРБОЛ АБДЫАШИМҰЛЫ АЙТУОВТЫҢ**

мезгілсіз өмірден өтуіне байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз.

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ**

**Бұл бос орын сіздің  
ЖАРНАМАҢЫЗҒА  
АРНАЛҒАН**

**ТЕЛЕФОН: 20-48-42**

